



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

15 қараша
сенбі

№87 (2199)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЕҢБЕК АДАМЫ

Қала ішінде қарбалас тірлік. Жол үстіндегі қайнаған қызу жұмыс. Бір көшеде жол салынып жатса, енді бір көшеде ой шұқырын жамап жатқандар. Ауа райы да жолшының тілеуіне қарай, жарқырап тұр. Қарашаның ызғарын көктемнің жайма-шуақ күні алмастырғандай. Күн де шуағын аямай төгіп тұр. Күн шыққаннан басталған қарбалас жұмыс күн ұясына батқан кезде де бір саябырсымады. Айналаны қараңғылық баса бергенде «менің де көмегім бар, жұмысыңды жалғастыра бер» дегендей көшедегі шамдар самаладай жарқырай түсті. Бағана басындағы жарыққа қарап жымиған жолшы жанындағы серігіне: «бүгін осы көшені аяқтасақ, ертең келесі көшені бастаймыз. Күн суытпай аяқтайтын сияқтымыз», – деп қызу жұмысқа қайта кірісті. Көше бойындағы ой-шұқырды жамап, теп-тегіс жол жасап жүрген жолшылар түн ортасына дейін жұмыс істеуге даяр. Жаз бойы жол жөндеу жұмыстарынан бір сәт дамып таппаған жолшының бірі – Рахымбек Сайыпов. Ол «Әлем Транс Жолдары» ЖШС-де жол жөндеуші болып жұмыс істейді.

МАМАНДЫҒЫМ АРҚЫЛЫ АДАМДАРДЫҢ ЖОЛЫН АШЫП ЖҮРГЕНДЕЙМІН



– Біздің мекеме жол жөндеумен айналысады. Қаладағы ой-шұқыры көп жолдарды тегістеп, жамап, теп-тегіс етіп, даңғыл жолға айналдыруға үлес қосып жүрміз. Негізгі жол жөндегеннен жол салған оңай. Мәселен, тігіншілер «дайын көйлекті жөндегеннен өзім жаңадан тіккен оңай» деп жатады ғой. Сол сияқты жол жөндеудің де өз машақаты бар. Ой-шұқырын түгендеп, өлшеп-кесіп, тегістеп, түзу жолмен бірдей етіп қайта жасау да үлкен еңбек. Әріптестеріммен бірге ой-шұқырлы жолдарды даңғыл жолға айналдыруға үлес қосып жүрмін. Көшені жөндеп болып, біткен іске қарап тұрып іштей риза боламын. Кейде жолдарды жөндеу арқылы адамдарды жақсы жолмен жүргізіп, жолын ашып жатқандай күй кешемін. Қазаққа «жолдың ашық болсын» деген тілек бар ғой. Жолдың жайын жүрген біледі. Кейде көлікпен келе жатып ой-шұқыры көп көше болса, қиналып кетесің. Жауын-шашынды күндері ой-шұқырлар суға толып, әуре-сарсаңға түссесің. Барлық көше теп-тегіс, түп-түзу болғанға не жетсін?! – дейді жол жөндеуші Рахымбек Сайыпов.

Сөзден гөрі іске бейім кейіпкеріміз қысқа да нұсқа әңгімесімен көп нәрсені аңғартқандай болды. Уақытпен санаспай еңбек ететін жолшылардың ерен еңбегін оқырманға жеткізу үшін қойын дәптерге түрткіп алдық. Ал кейіпкеріміз болса, «басқа не айта берейін» дегендей, жол жөндеу жұмысына кірісті. Бүгін тағы бір көшенің жолы жөндеді, жол жөндеушілер елдің алғысын аркалап, қайтып барады.

Г.МУРАТ



СПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ



Үкімет отырысында премьер-министр басты мақсат халықтың спортпен қамтылу деңгейін арттыру және кәсіпқой спортшылар даярлау үшін қажетті жағдай жасау екенін атап айтты.

– Әрбір қазақстандықтың өмір салтына айналуға тиіс спорттың дамуы Мемлекет басшысының үнемі назарында. Бұл орайда еліміздің барлық өңірінде спорттық инфрақұрылым мен бұқаралық спортты дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Басты мақсат – халықтың дене шынықтыру және спортпен қамтылу деңгейін арттырып,

кәсіпқой спортшыларды даярлау үшін қажетті жағдай жасау. Барлық өңірде спорт инфрақұрылымын біркелкі дамытып, тұрғылықты жерлерге жақын спорт алаңдарының желісін құру қажет, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жаңа нысандар құрылысымен қатар, қолданыстағы спорт объектілерін тиімді пайдаланудың маңыздылығына назар аударды. Кейбір өңірлерде стадион, спорт нысандарының қанырап бос тұрғаны да назардан тыс қалмады.

Жиында келтірілген мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі спорт нысанда-

«Барлық өңірде спорт инфрақұрылымын біркелкі дамыту қажет», Бұл – Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің сөзі. Үкімет отырысының бірінде спорт инфрақұрылымын дамыту және бұқаралық спортты қолдау мәселелері қаралған еді. Қарапайым тұрғындардан бастап, кәсіби спортшылардың спортпен айналысуына жағдай жасау – мемлекет назарында. Бүгінде өңірлерде қарапайым халық үшін спортпен айналысуға мүмкіндік бар десек артық айтқандық емес. Бір сөзбен айтқанда, бұқаралық спортты дамытуға барлық жағдай жасалған. Ал бұқара халықтың белсенділігі қандай?

рының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Былтырдың өзінде 90 нысан бой көтерсе, оның 61-і ауылдық жерлерде салынды. Бұл – өте маңызды көрсеткіш. Быыл тағы 102 нысан пайдалануға берілмек.

Бір сөзбен айтқанда, өңірлерде қарапайым халық үшін спортпен айналысуға мүмкіндік бар десек, артық айтқандық емес. Бір сөзбен айтқанда, бұқаралық спортты дамытуға барлық жағдай жасалған. Ал бұқараның белсенділігі қандай? Орайы келгенде, Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің жұмыс барысына шолу жасалдық.

3-БЕТТЕ

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Нұрболат МҰҚАНОВ,
Ұлттық Банк төрағасының кеңесшісі:

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЫ

15 қараша – Ұлттық валютаның айналымға енген күні. Бұл – ел тарихындағы аса маңызды экономикалық әрі саяси шешімдердің бірі. Төл теңгенің дүниеге келуі тәуелсіздіктің көрінісі ғана емес, қаржылық егемендіктің бастауы болды. Сол күннен бері еліміздің ұлттық валютасы түрлі сынақтар мен кезеңдерден өтіп, экономикалық дамудың басты тірегіне айналды. Осы атаулы күн қарсаңында Ұлттық Банк төрағасының кеңесшісі Нұрболат Сағынгерейұлы Мұқановпен сұхбаттасудың сәті түсті.



– 15 қараша – Ұлттық валюта күні. Теңгенің айналымға енгізілуі ел тарихы үшін қаншалықты маңызды болды? Сол бір қиын-қыстау кезеңнен қандай сабақ алдық?

– 15 қараша – Тәуелсіздік шежіресіндегі айтулы күннің бірі. Теңгенің айналымға енуі жай ғана төлем құралын ауыстыру емес еді, бұл уақыт экономикалық тұрғыда ел тәуелсіздігінің алға қадам жасауы болды. Сол кездегі аласапыран уақыт – гиперинфляция, өндірістің күйреуі, тәжірибенің жоқтығы елге ауыр соққы болды. Бірақ біз одан өзімізге сабақ алдық. Тәуелсіздік дегеннің өзі – үлкен жауапкершілік. Біз өз экономикамызды тұрғызып, жоктан бар жасап, қаржылық жүйемізді тек өзіміз жасай алатынымызды ұқтық. Тұрақтылық кепілі сырттан келетін көмек емес, өнімді жұмыс істейтін өзіміздің мемлекеттік институттарымыз еді.

– Тәуелсіздік жылдарында Ұлттық валюта қандай негізгі кезеңдерден өтті?

– Теңгенің эволюциясын тарихи кезеңдерге бөліп қараған дұрыс шығар. 1993-1999 жылдар аралығы қалыптасу кезеңі еді. Валютаны айналымға енгізу, алғашқы нарық инфрақұрылымы мен банктік жүйені құру. 2000-2014 жылдар – өсу және жинақтау кезеңі. Ұлттық қорды құру туралы стратегиялық шешім қабылданды. Осы аралықта жиналған қаржылай қор қазір экономикалық қауіпсіздігіміздің бірден-бір кепілі болып отыр. Инфляцияны басқаруға көшу 2015 жылдан басталды. Әлем мың құбылып тұрғанда біз валюта курсына қолдан ұстап тұрғымыз келмеді. Бас тарттық. Бұл нарықтық экономика үшін маңызды әрі жетілген қадам болды. Осы сөз болып отырған кезеңнің басты жетістігі не десек, ол – экономикадағы долларға тәуелділікті азайту. Содан бері халық пен бизнес өкілдері теңгеге сенімді әрі тиімді жинақ құралы ретінде қарай бастады. Қазір цифрлық дәуір кезеңіне көштік. 2023 жылы ұлттық валютаның үшінші түрі – цифрлық теңге іске қосылды. Қазір айналымда 275 миллиардтан астам цифрлық теңге бар. Бұл алғашқы жобаның мақсаты – мемлекеттік қаржының қайда, қалай жұмсалатынын ашық көрсету.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрүде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

МӘСЕЛЕ

Бір сәт айналыңызға зер салып қараңызшы. Хош иіс, будақтаған түтін... Бұл хош иіс айналаға әтірдің иісіндей тарайды. Иісі адамды еліктіргенімен, бұл әтір емес.

Көрген адам «иісі жақсы ғой, зияны аз шығар» деп ойлауы мүмкін.


Алайда, вейп немесе электронды темекі кәдімгі темекіден екі есе зиян. Қазір көшеде кетіп бара жатқан әрбір екінші жастың қолынан осындай құрылғыны көруіміз ғажап емес. Алғашында таңырқай қараған қоғам бүгінде оған аса мән де бермейді. Себебі вейп жастар арасында үйреншікті құбылысқа айналып барады. Бірі сән үшін қолдана, енді бірі тәуелділікті жеңе алмай тұтынады. Дегенмен, бұл «тәтті түтінге» тосқауыл бар ма? Мәселенің мән-жайын біз де анықтап көрік.

Өткен жылдың маусым айында Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес, елімізде вейп пен электронды темекіге заңмен шектеу қойылғаны белгілі. Дегенмен, көлеңкелі сауда әлі де тоқтамай тұр. Әрине, тұтынушы болмаса, сатушы да қайдан болсын деген сауал мазалайды.

Заң бойынша енді электронды темекі сатқан адамға 700 мың теңгеден астам айыппұл салынады немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады. Тіпті, 50 тәулікке қамау жазасы да қарастырылған. Бірақ бұл жазаның қауқары жастар үшін әлсіз сияқты. Көшеде де, оқу орнында да, тіпті мектеп ауласында да қолында вейп ұстаған жасөспірімдерді көру бүгінде таңсық дүние емес. Үйреншікті жағдай дерсін.

4-БЕТТЕ

БРИФИНГ



ТҰМАУҒА ТОСҚАУЫЛ

Бүгінде тұмау және жедел респираторлық вирустық инфекциялардың (ЖРВИ) өршуіне байланысты өңірде эпидемиологиялық маусымға дайындық жұмыстары күшейтілуде. Бұл туралы Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бейбіт Бидаш пен «Ұлттық сараптама орталығы» облыстық филиалының директоры Фарида Қалиева брифингте айтты.

4-БЕТТЕ

– Ұлттық банк қазір бағаны тұрақтандыру үшін қандай қадам жасауда?

– Көп жағдайда сырт көзге Ұлттық банк тек айырбастау бағамымен айналысатындай көрінеді. Бірақ инфляциямен күрестегі басты құралымыз – базалық мөлшерлеме. Оның механизмі мынадай. Базалық мөлшерлеме экономикадағы ақшаның құнын анықтайды. Инфляциялық қысым өссе, біз

талған. Екінші басты құралымыз – коммуникация. Бүгінгідей ақпарат заманында қай сала мен бағытты алып қарасақ, коммуникация – тиімді құрал. Яғни, басты мәселе – ел-жұрттың қаржылық сауатында. Олардың сауатын көтеру маңызды. Біздің жұмысымызды, күнделікті қабылдайтын шешімдерімізді халықтың түсінгені маңызды. Сол үшін оқыту жағына да көңіл бөліп жатқан жайымыз бар.

Әлеуметтік желідегі парақшамызды да дамытуға ден қойдық. Біздің ресми аккаунттарымызға жазылып, Fingramota.kz ақпарат ресурсын пайдаланған адам алаяқтардан өз қаражатын қалай қорғауды оңай үйренеді.

– Қазір цифрлық теңге мен мобильді төлемдер жақсы дамып келеді. Бұл болашақта қағаз ақшалардың жоғалатынын білдіре ме?

интеграцияланған. Apple Pay, Samsung Pay немесе Google Pay арқылы кез келген сауда орталығында төлем жасауға болады.

– Ұлттық валютаның келешегін қалай елестетесіз?

– Болашақта теңге жоғары технологиялы қаржы эжойесінің өзегі болады. 2025 жылдың соңына дейін цифрлық теңгені толық өндірістік қолдануға енгізуді жоспарлап отырмыз. Бұл мемлекеттік қаржының жұмсалыуын ашық етеді, төлемдерді тез әрі қауіпсіз орындайды. Теңге – заманауи, сенімді, технологиялық тұрғыдан жетілген валютаға айналады, уақыт талабына сай дами береді.

– Ұлттық валюта күні қарсаңында қазақстандықтарға лебіңіз...

– Барлық қазақстандықтарды ортақ мерекеміз – Ұлттық валюта күнімен құттықтаймын! Әр отбасының әл-ауқаты жақсы болуын тілеймін. Ең бастысы, тапқан табысы мен жинағының құны жоғалмасын. Қаржылық білімді көтеруге ден қойыық, еліміздің экономикалық әлеуеті өсіп, нығая берсін!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА



ҚАЗАНАМА

Қоғам қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Әбдіғаппар Әміргалиұлы 78 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Әбдіғаппар Әміргалиұлы 1948 жылы 20 желтоқсанда Сырдария ауданы, Амангелді совхозында дүниеге келген. Орта мектепті 1964 жылы бітіріп, 1969 жылы зооветеринарлық институтын тәмамдап, ғалым-зооветеринар мамандығын алған. Әскери борышын 1969-1971 жылдары өтеп, офицерлік шенді иеленген. Мұнан соң Сырдария ауданындағы ауылшаруашылық басқармасына зоотехник болып жұмысқа орналасқан. 1972-1973 жылдары облыстық комсомол комитетінің ұсқаушысы, 1973-1978 жылдары Сырдария аудандық комсомол комитетінің І хатшысы, 1978-1982 жылдары аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1981-1985 жылдары облыстық партия комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары, І хатшының көмекшісі, 1985-1989 жылдары Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1989-1991 жылдары облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі болды. 1991-1996 жылдары облыс әкімінің орынбасары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқарған. Стандартизация-метерология мекемесінің бастысы лауазымында болған. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, бірнеше медальмен марапатталған. Сырдария ауданының Құрметті азаматы. Қоғам қайраткері, асыл азамат Әбдіғаппар Әміргалиұлының жарқын бейнесі, еліне жасаған елеулі қызметі көпшіліктің есінде мәңгілік сақталады.

Қызылорда қаласының әкімдігі,
қалалық мәслихат, «AMANAT» партиясының қалалық филиалы, қалалық ардагерлер және қалалық қоғамдық кеңес

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА — МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЫ

мөлшерлемені көтереміз. Артынша теңгедегі депозиттердің де кірісі артады. Осы кезде халыққа «қазір ақшаны тұтынуда емес, жинақтауға бағыттаған дұрыс» деген нақты сигнал беріледі. Осылайша біз азаматтардың жинағын инфляциядан қорғаймыз. Сонымен қатар Ұлттық банктің міндеті – қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, төлем жүйелерін дамыту, зейнетақы активтері мен Ұлттық қорды басқару. Осы аталған секторлардың әрқайсысының өз құралдары бар. Олардың барлығы – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағыт-

– Халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін қандай жұмыстар жүріп жатыр?

– Қаржылық сауаттылық қазір базалық қажеттілікке айналды. Айтуға тұрарлық жетістіктің бірі – осы жылдан бастап қаржылық сауаттылық мектеп бағдарламасына енгізілді. Экономика қалай жұмыс істейтінін баладан бастап түсінгені жақсы. Сонымен қатар студенттерге, журналистер мен сала мамандарына арналған арнайы курстар өткізіп, елдегі экономикалық дискуссияның сапалы болуына күш салып келеміз.

– Жоқ, дәстүрлі ақшамыз айналымнан кетпейді. Цифрлық теңге қолма-қол ақшаны алмастырмайды, керісінше, жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, Алматы мектептеріндегі «цифрлық ваучер» жобасын алып қарауға болады. Балаларға арналған тегін тамақтың ақшасы цифрлық теңгемен беріледі, картаны тигізгенде автоматты түрде жұмсалады. Бұл өз кезегінде бюрократия мен қағаз-бастылықты толық жояды. Қатардағы қарапайым қолданушы үшін бәрі ыңғайлы: цифрлық теңге Visa-мен де, Mastercard карталарымен де

Басы 1-бетте

АУЫЛДЫ ДАМУҒА – БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда қалалық мәслихатында экономика, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік сала және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысы өтті. Жиынға тұрақты комиссия төрағасы М.Әбдіқалықов төрағалық етті. Комиссия отырысына қала әкімінің орынбасары Д.Абызов, облыстық басқармалар мен департаменттің, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ, облыстық кәсіпкерлік палатасы, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроаржылық ұйымы» өкілдері, қалалық дербес бөлімдер мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Жиында ең маңызды деп саналатын екі мәселеге қатысты талқылау өтті. Оның бірі – «Қызылорда қаласында ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының орындалу барысы туралы», екіншісі – «Қала аумағында жергілікті өнеркәсіп орындары мен өңдеу өнімдерін дамыту мен іске асыру барысы туралы».

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова хабарлама жасады.

Бөлім басшысының айтуынша, үкіметтің «2023-2027 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын» іске асыру аясында Қызылорда қаласының ауылдық аймақтарында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Инфрақұрылымды дамыту бойынша елді мекендерде ауызсу 100% қосылған, газдандыру деңгейі – 61,5%, 5 елді мекенді газдандыру жобалау жұмыстары жүргізілуде. 2023-2024 жыл аралығында 79 көше (69,4 шақырым) пайдалануға берілсе, 2025 жылы 27 көше (30,2 шақырым) күрделі жөндеуден өткен.

Электр желісін жаңғыртуға 3629,9 млн теңге бөлініп, 123,6 шақырым желі салынуда. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» жобасымен биыл Қызылжарма ауылында 600 орындық мектеп ашылып, 2026-2027 жылдары Ж.Маханбетов ауылында мектеп салу жоспарлануда.

Денсаулық сақтау саласында 2 жаңа нысан пайдалануға берілді.

– Сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша ауылдық елді мекендерде орталықтандырылған ауызсуға 100 пайыз қосылған. Елді мекендерді газбен қамтамасыз ету деңгейі бойынша қазіргі таңда 13 елді мекеннің 8-і газдандырылды. Олардың қатарында Талсуат, Абай, Досан, Маханбетов, Қызылжарма, Қарауылтөбе, Баймұрат, Талдыарал ауылдары бар. Осылайша газбен қамтылу деңгейі 61,5%-ға жетті.

Қазіргі уақытта Қызылөзек ауылдық округінде газдандыруға жоба сметалық құжатын әзірлеуге қалалық бюджеттен 26,3 млн теңге бөлінді.

Мәдениет саласы бойынша 9 мәдени нысан жұмыс істеуде. 2023 жылы Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық округінде 150 орындық клуб нысаны пайдалануға берілді, – дейді бөлім басшысы.

Қазіргі таңда Тасбөгет кенті мен Ақсуат ауылдық округі спорт кешені пайдалануға беріліп, 7 ауылдық округте ойын алаңы пайдалануға берілген.

Облыс әкімінің өкімімен бекітілген «Құрылысын салуға жататын білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандарының» тізбесіне сәйкес Белкөл кенті, Қызылжарма, Қарауылтөбе, Ақжарма, Қосшыңырау, Талсуат ауылдық округінде спорт кешенінің құрылысын салу жоспарланғаны айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы М.Жетілгеновтің баяндамасы тыңдалды.

Бөлім басшысының айтуынша, қаладағы өнеркәсіп өндірісі 401,6 млрд теңгені (81,9%), оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 78,4 млрд теңгеге (100%) жетті.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлердің жобасын жеңілдетілген несиемендіру жыл сайын артып келеді. Әсіресе өндіріс саласындағы жобаларға ерекше назар аударылып, басымдық беріледі.

– Мәселен, биыл екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы құны 3,6 млрд теңгеге 64 жоба қаржыландырылса, оның 2 млрд теңгені құрайтын 32 жобасы өндіріске бағытталған. Облыс әкімінің қолдауымен жергілікті деңгейде өндіріс саласын қаржыландыру шаралары үздіксіз жүзеге асырылуда.

Өткен жылдан бастап «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ арқылы «Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасы іске қосылып, өткен жылы 299,5 млн теңгеге 16 жоба, биыл 293,5 млн теңгеге 7 жоба қаржыландырылды, – дейді бөлім басшысы.

Бөлім басшысының айтуынша, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша өндірістік бағытта 217,15 млн теңгені

құрайтын 25 жоба жеңілдетілген пайызбен несиелендірілсе, өндірістік бағытта қаланың сол жағалауындағы шағын өнеркәсіп алаңы «Тұмар» ЖК іске қосылып, онда 7 кәсіпкер кәсібін жүргізуде. Оларға 3%-бен 155 млн теңгеге қолдау көрсетілген.

Тағы бір жағымды жаңалық, сол жағалауда екінші шағын өнеркәсіптік алаңның құрылысы жүргізілуде.

Бұдан бөлек, өңдеу бағытында құны 10,3 млрд теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылып, 400-ден астам жаңа жұмыс орны ашылған. Атап айтсақ, нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару кешені, заманауи кірпіш шығару зауыты, жоғары технологиялық айна шығару зауыты шағын өнеркәсіптік паркі, жиһаз және тұшпара өндірісі іске қосылып, елдің әлеуметтік жағдайы жақсарып, қаланың өсіп-өркендеуіне жол ашылуда.

Сонымен қатар күріш ақтау зауыты, қағаз-картон өндірісі, шағын өнеркәсіптік алаңы және қайталама шикізатты дайын өнімге қайта өңдеу пайдалануға берілмек. Сонымен қатар «With You E&C Kyzylorda» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықты өңдеу зауытының құрылысы басталды. Зауыт іске қосылса, 200-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады, – дейді бөлім басшысы.

Комиссияның назарына ұсынылған мәселелерді талқылауда депутаттар тарапынан бірқатар ұсыныс айтылды.

Атап айтқанда, депутат М.Есжанов қалаға қарасты 5 елді мекеннің (Белкөл кенті, Қосшыңырау, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма) бас жоспарын жаңарту, Қарауылтөбе елді мекеніндегі тұрмысы төмен отбасына берілген 33 баспананың құжатын реттеу және тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, ауылдық округтерде қоқыс қалдығы мен мал қиын тастайтын полигон салу мүмкіндігін қарастыруды айта, депутат А.Мұсабаева кент, ауылдық округтерде салық түсімін көбейтіп, кіріс кіргізу жайын, кәсіпкерлік нысан мен инвестиция тарту мақсатында әкімдер рейтингіні жасауды ұсынды. Ал депутат А.Төлегенова Тасбөгет кентінің бас жоспарын дайындауды мерзімінде аяқтау, «Даму» бағдарламасы бойынша екінші деңгейлі банк арқылы берілетін несиенің пайызын төмендету жайын қозғаса, мәслихат төрағасы И.Құттықожаяев «Ауыл аманаты» жобасы аясында жұмыс орнын көбейту, ауыл әкімдерінің 5 жылдық жұмыс жоспарын дайындап, инвесторлар тарту, жаңа жұмыс орнын ашуға белсенділігін бағалауды, депутат Б.Сыздықов өңдеу өнеркәсібі бағытында іс бастайтын азаматтарды мемлекеттік бағдарламаның игілігін көруге ынталандыру, ол бағытта кенінен түсіндірме жұмысын жүргізуді ұсынды.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген тізілім негізінде 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді: «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру», «Жалдау мерзімін ұзарту».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің»

веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік ғимаратында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Сондай-ақ, әкімшілік ғимаратында халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы талапқа сай қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген (компьютер жабдығымен, принтер, камера, картриждер, колонка). Мемлекеттік қызмет көрсету саласында қызмет көрсетудің сапасы мен қол жетімдігін арттыру өте маңызды. Алдағы уақытта, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру сапасы мен қолжетімділігіне мән беру, үнемділік пен тиімділік қағидаттары басты назарда болады.

Жасұлан СӘДУ,
Белкөл кенті әкімі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқаруда мемлекеттік қызмет көрсету – азаматтар мен мемлекеттің өзара іс-қимылының басты тетігі. Мемлекеттік қызметтердің сапасы – халықтың мемлекетке деген сенімі мен қанағаттану деңгейін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінде азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі аса маңызды рөлге ие.

Мемлекеттік қызметтер – халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін, мемлекеттің тиімділігі мен сенімділігін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл процестің ашықтығы, жеделдігі және сенімділігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінде азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі аса маңызды рөлге ие.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және ашықтықты арттыру бойынша бірқатар реформалар жүргізілуде. Қазақстан Республикасында цифрландыру, халыққа жақын болу бағытындағы реформалар мемлекеттік қызмет

көрсету саласын жетілдіруге бағытталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі – азамат пен мемлекет арасындағы ең басты өзара іс-қимыл алаңы. Бұл процестің тиімділігі мемлекеттің ашықтығы мен халыққа деген қамқорлығын айқындайды. Заман талабы – қызметтерді барынша жылдам, ыңғайлы әрі қолжетімді ету. Осы мақсатта мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, «Бір терезе» қағидатын енгізу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және кері байланысты нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Ақсуат ауылдық округі әкімдігі орналасқан ғимаратында қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 13 желтоқсан 2023 жылғы №899 бұйрығымен бекітілген 2024-2026 жылдарға арналған құқықтық түсіндіру жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес әкімшілік ғимаратында халыққа құқықтық көмек көрсету, Қазақстан

Республикасының заңнамаларын өз бетінше зерделеуге мүмкіндік беру және құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ашылған «Құқықтық кабинет» жұмыс істейді.

«Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға алты мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Олар: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» қызметтері; «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту».

Ханзира АРЫСБАЕВА,
«Ақсуат ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-нің жетекші маманы

ЕСІРТКІ АРМАНДАРДЫ ӨЛТІРЕДІ

Өмір жолы иірімдер мен әртүрлі түстерден құралған. Ақ немесе қара түсті жолақпен өлшеу – ой кеністігінің тарлығы. Өмірді ашық көңілді түспен бояу осынау жасөспірім шағымыздан бастау алады. Иірімі көп жолда адаспай арманға жету үлкен ақыл мен ерік-жігерді қажет етері анық.

Құрметті, менің замандас достарым, алдыңғы буын арқа сүйерлерім, қызығы мен қиындығы мол өмірде қанық түстерден аулақ болыңыздар! Құмарлық адам баласын бір сәт жарқын болашаққа



жетелеген емес. Арзан қызығы мен қиындығы мол өмірде қанық түстерден аулақ болыңыздар! Құмарлық адам баласын бір сәт жарқын болашаққа

сап көруден қорықпаған жөн. Дегенмен жылдар бойы дәлелденген дүниелерді қайталау – ақылға қонымсыздық. Есірт-

кі алаулаған от секілді. Оған жанындаған адамның арманы өртке оранып өледі. Жастық шағыңызда жарқырауға жол ашыңыз. Бір ғұмыр бір жанның тағдыры болғанымен, қаншама адамның үміті байланған алтын жіп екенін ұмытпаңыз. Есірткісіз қоғам – ең үлкен байлық. Есті ұрпақтың жолын жалғап, «Есірткісіз әлем» құруға жұмылайық!

Алпамыс ӘБДІ,
№273 орта мектептің 8-сынып оқушысы, Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы



СПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТЫП КЕЛЕДІ

СПОРТҚА ҚЫЗЫҒАТЫНДАР КӨП

Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мәліметіне сүйенсек, бұқаралық спортпен айналысатын қалалықтар қатары жылдан-жылға артып келеді. Сандарды сөйлетсек, 2022 жылы шұғылданушылар саны 127838 адам, яғни 36,6%-ды құраса, 2023 жылы бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны 141161 адамға жетіп, 39,5%-ды құрады, 2024 жылы 155 755 адамға жетіп, 43,1%-ға орындалды. 2025 жылы спортпен айналысатындар қатарын 44,7%-ға жеткізу жоспарланған.

Сонымен қатар халықты бұқаралық спортқа қызықтыру мақсатында түрлі іс-шаралар, спорттық жарыстар ұйымдастырылып келеді. Спорттық жарыстарға үлкен-кішіні түгел қамту мақсатында түрлі ойындар өтуде.

– Бөлім тарапынан бұқаралық спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес дене шынықтыру мекемелері, спорт мектептері және спорт клубтарымен бірлесіп, жыл басынан бүгінгі күнге дейін 206 спорттық іс-шараларға 30900 адам қатысты. Оның ішінде 20 республикалық және облыстық деңгейдегі жарыстарға 4000 спортшы қатыстырылды. 2 оқу-жаттығу жиыны өткізіліп, оған 48 адам қатысты.

Қызылорда облысы Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің №37 мекемесі, қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы, №37, №60 жалпы білім беретін кешкі мектеп (қылмыстық жазасын өтеушілер) оқушылары мен ұстаздары арасында І-ІІ-ІІІ тоқсан бойынша 17 іс-шара ұйымдастырылып, 2230-ға жуық адам қатыстырылды.

Сонымен қатар Қызылорда қаласының әкімдігінің қолдауымен пара пауэрлифтинг спортшыларын тасымалдау үшін инвентармен қамтамасыз етіліп отыр, – дейді қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркен Жантуғанов.

ЧЕМПИОНДАР МЕКТЕБІ

Қаладағы Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубын халық «чемпиондар мектебі» атап кеткен. «Сырт көз – сыныш» демекші, халықтың мұндай баға беруі де бекер болмаса керек. Қазаққа белгілі балуан есімін иеленген спорт клубында 11 спорт үйірмесі жұмыс істейді. Атап айтқанда, еркін күрес, дзюдо, таэквондо, грэпплинг, қоян-қолтық ұрыс, каратэ-до, бокс, қазақ күресі, президенттік көпсайыс, футбол, пара пауэрлифтинг секілді үйірмелер бар. Мұнда 1400 адам спортпен шұғылданады. Тағы бір атап айтатыны, мұнда 6 жастан бастап ересектерге дейін қалаған спорт үйірмесіне тегін жазыла алады.

– Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубы жыл басынан бері ҚР чемпионаты, Әлем чемпионаттары және іріктеу кезеңдері бойынша президенттік көпсайыс, пара пауэрлифтинг, қоян-қолтық ұрыс, грэпплинг спорт түрлерінен І, ІІ, ІІІ орын иеленіп, нәтижелі жетістіктер көрсетуде, – дейді бөлім басшысы Еркен Ертуғанұлы.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының жетістігін атап айтсақ артық болмас. Спорт клубының спортшылары Қазақстан республикасы чемпионатынан 147 жүлде иеленген (69-ы алтын, 46-ы күміс, 32-і қола). Сондай-ақ «Asia Open» ойындарынан 6 жүлде (оның ішінде 2 алтын, 2 күміс, 2 қола), Азия, Тынық мұхит ойындарының 2 алтын жүлдесін, Әлем кубогынан 4 жүлде (2 алтын, 1 күміс, 1 қола), Әлем чемпионатында 1 алтын, 1 күміс және 1 қола жүлдені қанжығаға байлаған. Чемпиондар мектебінің алдағы уақытта да спорт шындарынан көрінетініне сенім мол.

Бұл спорт клубының есігі әрдайым ашық. Себебі мұнда спорттық жарыстар жиі өтеді. Бұл да мұнда келіп, спортпен айналысушыларға шабыт бергендей.

– Биыл спорт клубында халық балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған қазақ күресінен 2004-2006 жылы туған жастар арасында өтетін республикалық турнир өтіп, оған 200 спортшы қатысты. Ы.Алтынсарин атындағы жүлде үшін «Бәріңде жарысқа» атты ұранымен өтетін мектеп оқушылары арасындағы қалалық дәстүрлі жарыс өткізіліп, 1300-ге жуық спортшы қатысты. «Наурызана – 2025», «Ораза Айт» мерекелеріне арналған спорт түрлерінен жарыстар (қазақ күресі, асық ату, бес асық, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, тір көтеру, қол күрес) өтіп, оған 4500-ге жуық қала тұрғыны қатысты. ҚАЗ ССР-на еңбек сіңірген жаттықтырушы Ли Валентин Захаровичты және КСРО спорт шебері Бадретдинов Раис Салиховичты еске алуға арналған 15-16 жас жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында республикалық веложарыс өтіп, 400-ге жуық спортшы қатысты.

«Заң мен тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлер мен әуесқойлар және қала тұрғындары арасында велошеру өтіп, оған 300-ге жуық адам қатысты. Бұл іс-шаралардың барлығы да жастар мен қала тұрғындарын спортқа тарту мақсатында ұйымдастырылады, нәтиже де жоқ емес. Қазір мектеп оқушылары да, жастар да, қарапайым қала тұрғындары да спортқа ден қойып келеді, – дейді бөлім басшысы.



Бөлім тарапынан бұқаралық спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес дене шынықтыру мекемелері, спорт мектептері және спорт клубтарымен бірлесіп, жыл басынан бүгінгі күнге дейін 206 спорттық іс-шараларға 15102 адам қатысты. Оның ішінде 20 республикалық және облыстық деңгейдегі жарыстарға 1060 спортшы қатыстырылды. 2 оқу-жаттығу жиыны өткізіліп, оған 48 адам қатысты.



СПОРТ ЖАРЫС ЕМЕС...

Спорт туралы айта бастасак, тек жарысты ойлайтынымыз анық. Қазір дәл бұлай айтсақ, қателесеміз. Себебі халықтың спортқа деген көзқарасы өзгерді. Қазір үлкен де, кіші де дене шымырлығы үшін, денсаулығы үшін спортпен айналысқанды қалайды. Бұқаралық спортты дамытудағы негізгі мақсат та осы болар. Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі қалалықтарды спортқа қызықтыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Мәселен, биыл қала күні мерекесі және Ата заңның қабылданғанына 30 жыл толуына орай Қызылорда-Жалағаш бағытында вело-марафон ұйымдастырды. – Бұл іс-шара салауатты өмір салтын насихаттау, жас буынды спортқа тарту және қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өтті. Қызылорда қаласынан бастау алған іс-шараға 100-ге жуық адам қатысып, 75 шақырым жолды жүріп өтті. Веломарафонға құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, әуесқойлар, еріктілер қатысып, азаматтық белсенділіктің үлгісін көрсетті, – дейді бөлім басшысы Еркен Жантуғанов.

Зейін мен зерденің ойыны саналатын шахматтан турнир облыс орталығында жиі ұйымдастырылып тұратын іс-шараның бірі. Биыл да Қызылорда қаласының астана болуына 100 жыл толуына орай қала күніне арналған «Qyzylorda OPEN – 2025» республикалық турнирі өтті. Жарысқа аудан, қала, өзгеде облыстардан жалпы білім беретін мектептер мен оқу орталықтарынан 200-ден аса оқушы қатысты. Жарыс соңында жеңімпаз шахматшыларға арнайы медальдар мен дипломдар, қаржылай сыйлық табысталды. Сонымен қатар қала күні мерекесі аясында қазақ күресінен 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында «Бала барыс –2025» қалалық ашық біріншілік өтті. Дәстүрге айналған бұл дода биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Жарысқа облысымыздың аудандарынан және Қызылорда қаласынан 30-ға жуық жас палуан қатысып, күш пен шеберлікті, батылдық пен айланы сынға салды. Бұл сайыс жасөспірімдердің қызығушылығын оятып, болашақ чемпиондардың қалыптасуына серпін беретін маңызды алаңға айналып отыр десек артық айтқандық емес. Сондай-ақ баскетболдан жасөспірімдер арасында өткен халықаралық турнир де жас спортшыларға шабыт берді. Сондай-ақ жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған тоғызқұмалақ сайысы да кейінгі буынның ұлттық ойынға деген қызығушылығын оятып, Ал «Чемпионмен бірге жүгір» атты жүгіру марафоны барлық қала тұрғынын қызықтырды.

– Ұлттық мереке – Республика күніне орай, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуы және «Қала күні» мерекесіне арналған «Чемпионмен бірге жүгір» атты жеңіл атлетикалық кіші марафоны өтті. Марафонды бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев пен қола жүлдегер Тұрсынбай Құлахмет бастап, іс-шараға ерекше серпін

Қала күні мерекесі аясында қазақ күресінен 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында «Бала барыс –2025» қалалық ашық біріншілік өтті. Дәстүрге айналған бұл дода биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Жарысқа облысымыздың аудандарынан және Қызылорда қаласынан 30-ға жуық жас палуан қатысып, күш пен шеберлікті, батылдық пен айланы сынға салды. Бұл сайыс жасөспірімдердің қызығушылығын оятып, болашақ чемпиондардың қалыптасуына серпін беретін маңызды алаңға айналып отыр десек артық айтқандық емес. Сондай-ақ баскетболдан жасөспірімдер арасында өткен халықаралық турнир де жас спортшыларға шабыт берді.

Бұл сайыс жасөспірімдердің қызығушылығын оятып, болашақ чемпиондардың қалыптасуына серпін беретін маңызды алаңға айналып отыр десек артық айтқандық емес. Сондай-ақ баскетболдан жасөспірімдер арасында өткен халықаралық турнир де жас спортшыларға шабыт берді.

берді. «Эдельвейс» жағажайынан «Болашақ» университеті ғимаратына дейінгі аралықты қамтыған жеңіл атлетикалық кіші марафонына 100-ге жуық марафоншы қатысып, 5 шақырымдық қашықтықты бағындырды. Барлық қатысушыларға арнайы әзірленген медальдар табысталды. Айта кету керек, марафонға қатысушылардың ең үлкені 50-ден асса, ал ең кішісі – 15 жаста. Мұндай іс-шара қарапайым қала тұрғындарын жүгіруге ынталандырды, – дейді қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Еркен Жантуғанов.

Айта кетелік, қалалықтарды спортпен айналысуға шақыру, бұқаралық спортты дамыту маусымдық жұмыс емес, жыл он екі ай бойы үздіксіз атқарылатын жұмыс. Алдағы уақытта әуесқойлар арасында футболдан қала әкімінің кубогін өткізу, волейболдан қала әкімінің кубогін өткізу және ұлттық ойындардан қалалық ашық біріншілік, жасөспірімдер арасында футболдан ашық біріншілік өткізу жоспарлануда. Бір сөзбен айтқанда, спорт тек жарыс емес, қалалықтарды дене шынықтыруға, салауатты өмір салтымен айналысуға, шынығуға насихаттау. Бүгінде бұл жұмыс нәтижесіз емес. Күн сайын қала ішіндегі спорт алаңдарында ертемен жаттығу жасаған, жағалауды бойлай жүгіріп бара жатқан, арнайы веложолмен велосипед теуіп бара жатқан көріністерді көруге болады. Демек, бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасалған сайын қалың бұқараның да белсенділігі артып келеді.

Ұлттық мереке – Республика күніне орай, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуы және «Қала күні» мерекесіне арналған «Чемпионмен бірге жүгір» атты жеңіл атлетикалық кіші марафоны өтті. Марафонды бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев пен қола жүлдегер Тұрсынбай Құлахмет бастап, іс-шараға ерекше серпін берді. «Эдельвейс» жағажайынан «Болашақ» университеті ғимаратына дейінгі аралықты қамтыған жеңіл атлетикалық кіші марафонына 100-ге жуық марафоншы қатысып, 5 шақырымдық қашықтықты бағындырды.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Сән бе, әлде тәуелділік пе?

Бүгінде электронды темекі шегу оқушылар арасында сәнге айналып барады. Алыстан кейіпкер іздей-ақ, өзін оқыған сыныбымнан бастауды жөн көрдім. 9-сынып оқып жүрген кезіміз. 2021 жыл еді. Сыныбымызда барлығы 25 оқушы болатын. Олимпиададан жүлде алып жүрген белсенді, үздік сынып қатарында едік. Бірақ сыныптағы 7-8 оқушы кейіпке әуес еді. Әдепкіде қатарластарым өзге сыныптан қалыс қалмау үшін тұтынып жүрсе, енді бұл тәуелділікке айналды. Бір күні сынып бір сәтке үнісіз қалды. Математика сабағы өтіп жатыр. Мұғалім түсінбей, не болғанын аңғармай тұр. Ал сыныптастарым болса партаның астында кезекпен түтін үрлеп әлек. Мұғалім сезіп қалып, «бұл ненің иісі?» деп сұрады. Біз болсақ, «әтірдің иісі гой» деп жайбарақат жауап бердік. Мұғалім «иісі әдемі

кетеді. Дәрігерлердің айтуынша, электронды темекінің кәдімгі темекіден еш айырмашылығы жоқ. Мәселен, кәдімгі темекі өкпе, жүрек-қан тамырларына зиян болса, сәйкесінше электронды темекінің де зияны сондай екен.

– Қазіргі таңда электронды темекі жасөспірімдер арасында кеңінен сұранысқа ие. Зияны жоқ сияқты болып көрінгенімен, адамның есте сақтау қабілетіне зиян. Жастарға бір сәт көз жүгіртіп қарайықшы. Қазіргі жастар ұмытшақ әрі әлсіз келеді. Жаңа айтқан дүниені бес минуттан соң сұрасан, ұмытып қалады. Әрине, бұл электронды темекінің зияны. Ал өкпе, жүрек, қан-тамырларына екі есе зиян. Тағы бір айта кетерлік жайт, электронды темекіні тұтынушылардың ұрпақ сүйік екіталай. Сондықтан тәуелділікті жеңу қажет, – дейді дәрігер Ләйла Майлықожаева.

Эколог Сәуле Қаримованың айтуынша, кейіптің буы мен иісі адам денсаулығына ғана емес, табиғатқа да айтарлықтай зиянын



екен» деп қояды, біз де мәзбіз. Уақыт өте бұл жасырын әдет сыныптастарым арасында үрдіске айналды. Тіпті мектепте өзге де сынып оқушылары, ұлдарды айтпағанда, қыздар дәретханасында электронды темекі шегу үйреншікті жағдайға айналды. Мұны білген мұғалімдер ендігі кезекте электронды темекіге тосқауыл қою үшін сөмке, киім тексеріп әлек болды. Бірақ оқушылардың айласы көп. Қазір электронды темекі өшіргіш, ұштағыш, қалам түрінде жасалып шығады екен. Сырт көзге оқу құралы сияқты көрінеді. Дегенмен, ажыратып алу қиын. Сәк болыңыз. Міне, бұл – бүгінгі буынның тапқырлығы мен тәуелділігінің көрінісі. Мектеп қабырғасынан басталған бұл әдет студенттік өмірде де жалғасып келеді.

Жасырын сауда

Қазір заңмен тыйым салынғанына қарамастан, көлеңкелі сауда белсенді жұмыс істеп тұр. Тіпті онлайн түрде де тапсырыс беру оңай. Біз де жасырын сауданы тексеру мақсатында Telegram және Instagram желілерінен іздеп көрдік. Бірнеше минуттың ішінде сатушылар табылды. Кейбіреулері жабық аккаунт арқылы жұмыс істейді, WhatsApp арқылы тапсырыс қабылдайды. Бағасы 7000 теңгеден басталады, әрі қарай сапасы мен дәміне байланысты бағасы да өсе береді. Әрине, тұтынушы болмаса, сатушы да жасырын сатпаса еді. Дегенмен, қазіргі таңда жастар үшін кейіп, электронды темекі екінші телефон іспетті. Қалтасында жүреді, қуаттап отырады. Бір сәтке қолыңдағы тәтті түтінің қуаты өшсе немесе жоғалтып алса, ауру адамша қол-аяғы дірілдеп, іздеп

Басы 1-бетте

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ!

Қызылорда қаласы тұрғындарының назарына! Құрметті қызылордалықтар!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Әскери-техникалық мектебі» Тараз филиалы базасында өтеусіз негізге мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз.

11 сынып бітірген азаматтарды «В6 С1, С» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз.

Әрбір азамат оқу кезінде далалық киім-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жөнелтіледі.

Сонымен қатар әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен келісімшарт бойынша әскери қызметке орналасуға мүмкіншілігі, әсіресе Қызылорда қаласы маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз.

Қойылатын талаптар: Денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес;

Жасы он сегіз жасқа толған және жиырма екі жасқа дейінгі аралығы бойынша әскерге шақырылушылар;

Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған;

Оқу мерзімі: үш ай

Иіет білдірген азаматтар төмендегі мекенжай бойынша: Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына Шүкіров көшесі 101 А үй №127 кабинет, 24-50-22 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

Қызылорда қаласы тұрғындарының назарына! Құрметті қызылордалықтар!

Қарулы Күштерінің бірыңғай жүйесін құрайтын қазіргі заманғы, сапаны жаңынан жинақы, жақсы жабдықталған және жауынгерлік қабілеті жоғары Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты және Кадет корпусы құрылды.

Әскери оқу орындары әскерлердің кәсіби шеберлігін арттыру саясатын жалғастыруда. Сонымен бірге әскерлерді келісімшарт негізінде жасақтау, армияны қазіргі заманғы қару-жараппен жаратқандыру одан әрі дамытылды.

Сонымен қатар тағдырын әскермен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасалатын болады.

Бүгінгі күні отандық әскери білім беру жүйесін Қорғаныс министрлігінің қарамағында әскери оқу орындары құрайды.

1. Алматы қаласында орналасқан Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты.

2. Ақтөбе қаласында орналасқан Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты.

3. Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты.

4. Ақмола облысы Щучинск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі. ҰБТ мынадай жалпы білім беру пәндерінен жүргізіледі: Математика, Физика – негізгі пән, Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілдері; Кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл тестілеу нәтижесі бар үміткерлер келесі емтихан тапсыруға жіберіледі.

Әскери оқу орнын бітірген азамат лейтенант шенімен оқу бітірісімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жөнелтіп, әскери қызмет атқарады, яғни әскери мамандықты таңдаған азаматты жұмыссыз қалдырмайды. Керісінше мүмкіндігінше үй-жаймен қамтамасыз етіп барлық жағдай жасайды.

Сондықтан қаламыздағы болашақ ел қорғайтын ер азаматтар Бауыржан аталарымыздай жау жүрек батыр болғылары келсе, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қызмет етуді мақсат тұтар болса, жергілікті жердегі Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (военкама) жолығулары сұраймыз.

Мекенжайымыз: Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі 101 А. Байланыс телефондары: 24-50-22, № 127 кабинет.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (военкомат)

Айдана БАХТИЯР

ҚАНЕКИ, ФОТОҒА ТҮСІРШІ...



– Күз – фото-

графтар үшін ерекше мезгіл. Табиғат түрлі

түске боялып, жастардың шабыты ояна-

тын кезең. Біз осы шара арқылы жастардың еркін шығармашылық ойлауына жол ашып ғана қоймай, олардың еңбегін көпшілікке танытуды мақсат еттік. Мұнда жас фотографтар бар. Олар Қызылорданың сұлулығын фото арқылы қала тұрғындарына жеткізеді. Бір сөзбен айтқанда фотоға жан бітіреді. Шын мәнінде, фотоөнер деп әдемі кадрды атымаймыз. Керісінше нағыз фотоға өмірдің шынайы сәтін уақытпен ұштастыруды, сол бір ерекше сәтті яғни кадрды ұстап қалуды айтамыз. Осы тұрғыдан алғанда, жас фотографтар туған қаланың бейнесін ерекше қырынан көрсете алды, – дейді «Qosy» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек.

Сайыс барысында қазылар алқасы ең үздік туындыларды анықтаса, көрермендер де өз дауысын беріп, «Көрермен көзайымы» номинациясын таңдауға мүмкіндік алды. Жеңімпаздарға арнайы Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтардан бөлек, демеушілердің қолдауымен қаржылай сыйлықтарда берілді. Атап айтқанда, I орынға 100000 теңге, II орын 50000 теңге, III орын 30000 теңге берілді.

«Күзгі Қызылорда» фото көрмесі – тек сайыс ғана емес, жастар арасында шығармашылық орта қалыптастыруға бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі.

Айдана БАХТИЯР

ТҰМАУҒА ТОСҚАУЫЛ



Денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың 10 айында қала бойынша ЖРВИ-дің 77612 жағдайы тіркелген. Оның 48037-і – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал 100 мың тұрғынға шаққандағы жалпы аурушандық көрсеткіші – 20352,4 болса, балалар арасындағы көрсеткіш 38374,6. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,4%-ға төмен.

Сондай-ақ жыл басынан бері тұмаудың 53 жағдайы анықталып, олардың 35-і балалар арасында тіркелген. Аталған көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 29,5%-ға азайып отыр. Эпидемиялық маусымда тұрғындар арасында 10450 ЖРВИ және 49 тұмау жағдайы тіркелген. Ал жана оқу жылының алғашқы екі айында қаладағы 56 мектепте 1822 оқиға орын алған. Дегенмен бұл эпидемиологиялық нормадан аспайды.

вакцина егілген. Сонымен қатар «Интертич» ЖШС клиникасымен мұнай компанияларының 520 қызметкері тұмауға қарсы вакцина қабылдаған.

– Вакцинация ауыр ағымдағы тұмаудың алдын алып қана қоймай, асқынулардың пайда болу ықтималдығын бірнеше есеге төмендетеді. Медициналық тұрғыда вакцина жай ғана екпе емес, қауіптің алдын алатын қорғаныс. Қазіргі таңда вирустық инфекциялардың басым бөлігі 14 жасқа дейінгі балалар арасында жиі тіркелуде. Әдетте ата-аналар тарапынан, тіпті ересектердің өздері де вакцинацияға қарсылық танытып, өз бетінше емделуді жөн көреді. Алайда бұл дұрыс шешім емес, – дейді Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Бидан Бейбіт.

Вакцинация – ең тиімді қорғаныс құралы

Мамандар тұмаудан сақтанудың ең тиімді жолы дер кезінде вакцина алу екенін айтты. ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2025 жылғы тамыздағы қаулысына сәйкес, 23 қыркүйектен бастап Қызылордада қауіпті топтар арасында 36910 азамат «Гриппол плюс» вакцинасын алған. Одан бөлек, қаладағы түрлі мекемелер өз қызметкерлерін екпемен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырып, жұмыс берушілердің есебін 1520 қызметкерге

Басы 1-бетте

Зертханалар эпидемиялық маусымға дайын

Қызылордадағы вирусологиялық зертхана эпидемиологиялық маусымға толық дайын. Материалдық-техникалық база жаңартылып, реактивтер мен зертханалық жабдықтардың қоры толықтырылды. Қазіргі таңда зертханада үш заманауи ПТР аппараты жұмыс істейді. 2025 жылдың 26 қыркүйегінен бері облыс бойынша 3418 зерттеу жүргізіліп, оның ішінде тұмау А типі 86, ЖРВИ 8, COVID-19 ауруы бойынша 2 жағдай расталған.

Мамандар кеңесі: Өздігінен ем қабылдамаңыз

Дәрігерлер тұрғындарға тұмау белгілері пайда болған жағдайда өздігінен ем қабылдаудан аулақ болуды ескертеді. Өйткені уақытылы медициналық көмек көрсетілмесе, ауру асқынып, тыныс алу, жүрек-қан тамыр және жүйке жүйесі ауруларына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты мамандар тұмаудың алғашқы белгілері байқалса, бірден дәрігерге жүгінуге шақырады. Әсіресе балалар, жүкті әйелдер, созылмалы ауруы бар адамдар және қарттарға бейжай қарауға болмайтынын ескертеді.

Айдана БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Тапсырыс №1948

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК